

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде
2024 – 2025 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

Балалардың жасы: 3 жас

Жоспардың құрылу кезеңі : Қыркүйек айы, 2024-2025 оқу жылы

Мақсаты: Балалар балабақша, балабақша қызметкерлері туралы өз білімдерімен бөлісе алады. Балабақшаға, ондағы достарына сүйіспеншілік пен сыйластық танытады. Балабақша туралы алған білімдерін кеңейтуге ықпал ететін ойын жағдаяттарын орындай алады.

Дағдылар	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Физикалық қасиеттерді дамыту	Біртұтас тәрбие	Күй күмбірі-баланы қабылдау кезінде қазақтың күй өнерін бала бойына сіңіру.
	Дене шынықтыру (аптасына3 рет)	1.Тапсырманы орындай отырып, сапқа тұру, жүру Бір-бірден тізбекпен жүгіру, жан-жаққа жүгіру. Жылдамдық және ептіліктерін. Еденде жатқан екі жіптің үстімен тіке жүруді. Қос аяқпен секіруге (аяқ бірге-аяқ алшақ) үйрету. 2.Сапқа тұру, жүру . Бір-бірден тізбекпен жүгіру,жан-жаққа жүгіру. Ойындарды ойнауға және жаттығуларды орындауға қызығушылықтарын арттыру . Орындықтан қойылған тақтайшалар аттап жүруді үйрету. Қос аяқпен секіруге (аяқ бірге- аяқ алшақ) жаттықтыру. 3.Сапқа тұру, жүру. Бір-бірден тізбекпен жүгіру,жан-жаққа жүгіру. Ойындарды ойнауға және жаттығуларды орындауға қызығушылықтарын арттыру. Орындықтан қойылған тақтайшалар аттап жүруді жаттықтыру. Шеңберге тұрып, кішкентай допты жоғары лақтыру, оны қағып алуды бекіту. 1.Қысқа адымдар жасап жүру . Бір бағытта бүкіл топпен жүгіру.Жылдамдық және ептіліктерін дамыту. Бір орында тұрып қос аяқпен жіптен секіруді үйрету. Жан-жаққа еңбектеп жүруді үйрету. 2.Қысқа адымдар жасап жүру. Бір бағытта бүкіл топпен жүгіру. Жылдамдық және ептіліктерін дамыту. Бір -біріне қарама қарсы тұрып допты дом3.Қысқа адымдар жасап жүру . Бір бағытта бүкіл топпен жүгіру. Бір орында тұрып қос аяқпен жіптен секіру жаттықтыру. алатуды үйрету. Жан -жаққа еңбектеп жүруді жаттықтыру. 1.Бір колонада жүру. Алаң бойынша баяу жүгіру 2,5мин. Жылдамдық және ептіліктерін дамыту. Тіке жолмен еңбектеп жүру. Бір- біріне қарама- қарсы отырып допты домалатуды үйрету. 2.Бір колонада жүру. Алаң бойынша баяу жүгіру 2,5мин. Жылдамдық және ептіліктерін дамыту.Қол белде еденде жатқан жіптің үстімен жүру үйрету. Қос аяқтап текшені аттап, алға секіруді үйрету. 3.Бір колонада жүру. Алаң бойынша баяу жүгіру 2,5мин. Жылдамдық және ептіліктерін дамыту. Қол белде еденде жатқан жіптің үстімен жүруді жаттықтыру.Бір- біріне қарама- қарсы отырып допты домалатуды бекіту. 1.Жүру түрлері жан-жаққа шышырап жүру. Бір-бірден тізбекпен жүгіру жан- жаққа шышырап жүгіру. Спортқа деген қызығушылықтарын арттыру.Аяқтың ұшымен жіптің үстімен жүруді үйрету. Қос аяқпен алға секіріп жүруді үйрету. 2.Жүру түрлері жан-жаққа шышырап жүру. Бір-бірден тізбекпен жүгіру жан- жаққа шышырап жүгіру. Спортқа деген қызығушылықтарын арттыру. Қос аяқпен алға секіріп жүруді жаттықтыру. Допты домалатуды үйрету. 3.Жүру түрлері жан-жаққа шышырап жүру. Бір-бірден тізбекпен жүгіру жан- жаққа шышырап жүгіру. Спортқа деген қызығушылықтарын арттыру. Допты домалатуды жаттықтыру. Тіке жолмен еңбектеп жүруді үйрету.

Коммуникативтік дағдыларды дамыту	Сөйлеуді дамыту	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Дауысты, дауыссыз дыбыстарды дұрыс айту дағдыларын бекіту, ызың және үнді (р,л) дыбыстарды анық айтуға жаттықтыру. Артикуляциялық аппаратты жетілдіру. Сөздік қор. Айналасындағы заттармен сөздік қорды кеңейту: тұрмыстық заттар және қоршаған орта заттарының қолданылу маңыздылығын түсіну, заттардың атауларын, олардың бөліктері мен бөлшектерін сөйлеуде қолдану. Тілдің грамматикалық құрылымы Сөйлемдегі сөздерді байланыстыруға, көмекші сөздерді дұрыс қолдануға үйрету, зат есімдерді жекеше және көпше түрде қолдана білуге үйрету. Байланыстырып сөйлеу. Диалогтік сөйлеуді жетілдіру: әңгімеге қатысуға баулу, диалогке қатысушы үшін түсінікті сұрақтар қоюға және қойылған сұрақтарға дұрыс, толық жауап беруге баулу.
	Көркем әдебиет	Балалардың түрлі әрекеттерінде ертегілерді, әңгімелерді, өлеңдерді тыңдауға, көркем сөзге, кітапқа қызығушылыққа баулу. Тыңдалған шығарманың мазмұнын қайталап айтуға, қысқа өлеңдерді, санамақтарды жатқа айтуға, шығарма мазмұнын дұрыс қабылдауға, кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға баулу.
	Қазақ тілі аптасына 1 рет	Тілдік дамытушы орта. Айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттармен құбылыстар, оқиғалар туралы ақпараттарды алуға және оларды талқылауға мүмкіндік беру. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Қазақ тіліне тән ө, қ, ү, ұ, і, ғ дыбыстарын жеке, сөз ішінде анық айтуға баулу. Артикуляциялық және дауыс аппаратын, сөйлеуде тыныс алуды, фонематикалық естуді, анық және қалыпты қарқынмен сөйлей білуді дамыту. Сөздік қор. Қоршаған ортадағы заттар мен өсімдіктердің, жануарлардың, құстардың, табиғат құбылыстарының, тұрмыстық заттардың атауларын білдіретін сөздерді түсіну және атау дағдыларын қалыптастыру. Тілдің грамматикалық құрылымы. Сөздерді жіктеп, тәуелдеп, септеп қолдана білуге үйрету. Етістіктің болымсыз түрін немесе есім сөздермен қолданылатын «емес» шылауын қолдана білуге үйрету. Байланыстырып сөйлеу. Қарым-қатынас барысында балаларды қойылған сұрақтардың сипатына сәйкес хабарлы, лепті, бұйрықты сөйлемдер мен жауап беруге мүмкіндік беру

Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту	Математика негіздері	Жиын: Балаларға жиын, оның әртүрлі түстегі, пішіндегі, өлшемдегі заттардан тұратындығы туралы түсінік беру. Сан, санау. 2-ке дейін реттік санау дағдыларын дамыту, реттік сан есімдерді атау, сандарды реті бойынша атауға «нешінші?» сұрағына жауап беруге және қорытынды санды атауға, «барлығы қанша?» сұрағына жауап беруге үйрету. Екі қатарда орналасқан заттар тобын салыстыруды үйрету, теңдік және теңсіздік туралы ұғымдарды қалыптастыру. Шама: Заттар шамасы бойынша әртүрлі болатындығы жайлы түсінік беру. Ұзындығы, ені бойынша екі затты салыстыру Геометриялық фигуралар. Балаларды геометриялық фигураларды (дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш) танып атай білуге үйрету. Кеңістікті бағдарлау. Кеңістік бағыттарын өзіне қатысты анықтау, берілген бағытта қозғалу (алға -артқа, оңға -солға, жоғары -төмен). Уақытты бағдарлау. Тәулік бөліктері (таңертең, күндіз, кеш, түн) олардың сипаттамалық ерекшеліктері мен реттіліктері туралы ұғымдарын кеңейту
Шығармашылық дағдыларды зертеу іс-әрекетті дамыту	Сурет салу	Қоршаған ортаның әсемдігіне, қазақ халқының және басқа халықтардың өнер туындыларына, тұрмыстық заттарға, ойыншықтарға қызығушылықты дамыту. Қазақ халқының сәндік –қолданбалы өнері туралы білімдерін кеңейту.
	Мүсіндеу	Ермексаз, сазбалшық, пластикалық кесектерден әртүрлі тәсілдерді қолданып, бейнелерді мүсіндеу. Балалардың көлемді пішіндер мен қарапайым композицияларды мүсіндеуге қызығушылығын арттыру. Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен таныстыру, оларды мүсіндеуге баулу.
	Жапсыру	Қайшыны дұрыс ұстауды және пайдалана білуді қалыптастыру. Дайын пішіндерден жануарлар, құстар, гүлдердің пішінін кию және ол заттарды қағаз бетіне орналастыру дағдыларын қалыптастыру. Геометриялық пішіндерден ою-өрнектерді жапсыру дағдыларын қалыптастыру.
	Құрастыру	Құрылыс материалдарынан, «лег» конструкторлардан құрастыру. Орналастыру тәсілдерін қолдана отырып, пластиналарды тігінен және кірпіштерді, бөлшектерді көлденеңінен орналастыру. Қағаздан құрастыру. Қағаздан құрастыруға үйрету: қағаздың парағын ортасынан бүктеп, шиыршықтап, көлемді пішіндерге, орамдарға, ілмекке айналдыра білу, бұрыштарын және қырларын біріктіру, желімдеу. Табиғи, қалдық материалдардан құрастыру. Табиғи материалдардан жасалған бұйымдары мен таныстыру. Шығармашылық қиялды дамыту, көрнекілікке сүйене отырып және құрастыратын материалдарды өз бетінше таңдап, ойдан құрастыруға мүмкіндік беру.
	Музыка (аптасына 1 рет)	Балалардың музыкаға деген қызығушылығын тудыру, оны тыңдауға ынталандыру, музыкалық шығармаларды эмоционалды қабылдауды дамыту. Музыка тыңдау. Музыканы тыңдау мәдениетін сақтау (музыкалық шығармаларды алаңдамай соңына дейін тыңдау). Ән айту. Балаларды мәнерлеп ән айтуға үйрету, әнді созып, қимылдармен үйлестіріп айтуды қалыптастыру Музыкалық-ырғақты қимылдар. Би қимылдарын, ойындағы музыкалық қимылдарды орындауға қызығушылық тудыру, марш сипатын ырғақты жүріспен беру. Билер. Әуесннің көңілді сипатын қабылдауға үйрету, Жеңіл, ырғақпен қозғалу; жұппен би қимылдарын орындау; билерде ойындағы музыкалық қимылдарды қолдану. Би қимылдарын, ойындағы музыкалық қимылдарды орындауға қызығушылық тудыру. Аспаптың сүйемелдеуімен және сүйемелдеуіңіз ән айтуға баулу (тәрбиешіні көмегімен).

Әлеуметтік- эмоционалды дағдыларды қалыптастыру	Қоршаған ортамен таныстыру Біртұтас тәрбие	Баланың «Мен» бейнесін қалыптастыру. Баланы өсіп, жетілген ересек бала ретінде қабылдау, оның ойын ашық білдіруге мүмкіндік беру, келісім білдіру, жеке басын құрметтеу. Оның өсуі мен дамуы, өйткені, бүгінгі және болашағы туралы түсініктерді қалыптастыру (« Мен кішкентай болдым, мен өсіп келемін, мен ересек боламын»). Мектеп туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру (мектепке баруға ынтасын, қызығушылығын арттыру). Өзінің атын,тегін, жасын, жынысын атай білуге үйрету, өзін құрметтеуге, өз қадір-қасиетін сезінуге, өзіне деген сенімділікке тәрбиелеу. Отбасы туралы, отбасының ересек мүшелерінің еңбегі туралы білімдерін жетілдіру. Отбасындағы үлкендерді сыйлауға, құрмет көрсетуге, кішілерге қамқорлық жасауға, отбасын,отбасылық дәстүрлерді бағалауға баулу. Жақын туыстарын білуге, олардың есімдерін атауға үйрету, отбасындағы сүйікті адамдары, отбасылық мерекелер, салт-дәстүрлер туралы әңгімелеу, өзінің жақындарына мақтаныш сезімін білдіру. Ұлттық ойын-ұлт қазынасы. Айгөлек ойыны, Ұлттық ойын-ұлт қазынасы.. Күш сынаспақ ойыны, Ұлттық ойын-ұлт қазынасы.. Ұшты-ұшты, Ұлттық ойын-ұлт қазынасы. Тақия тастамақ
--	--	---